

**«StArt балабақшасы»  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**«Ертегілер елінде»  
вариативтік компонентінің  
жоспары**

## Түсініктеме

Көркем әдебиет шығармалары балалар алдында адамға тән сезімдер дүниесін ашып, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады.

Баланың көркем әдебиетпен таныстығы халық шығармашылығының ең кішкене түрі- тақпақ, өлең, халық ертегілерінен басталады. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздері ойдан шығару қабілетін дамытады. Ертегі - бұл бейнелеп айтқанда, балалық ой мен сөздің отын маздататын самал жел.

Оның мақсаты – балаға тәрбие ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды роль атқарып келген. Себебі, ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет- ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы т.б. бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, елін қорғауға, өнерді игеруге, жалпы адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар баланың сөздік қорын да молайтуда қызметі өте зор.

Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала - үздік оқушы, себебі жоғарыда аталғандар жақсы үлгілердің негізі. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ. Демек, бала тілін дамыту - қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнала беретін ең өзекті мәселелердің бірі. Оның үстіне еліміз егемендік алғалы бері мемлекеттік тілде сөйлеу соны оқыту әдістемесін жетілдіру, соның ішінде, бала тілінің дамуы мен сөздік қорының молаю мәселесі әдіскер ғалымдардың зерттеуінен түспей, назардан тыс қалмай жүрген мәселелердің бірі. Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі.

Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген.

Ертегілер баланың сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлей білу қабілеттерін дамытып, сауаттылыққа үйретеді.

**Мақсаты:** Қазақ халқының ауыз әдебиеті жанрларындағы және де басқа халық ертегілермен таныстыру барысында балалардың сабаққа қызығушылығын арттырып, сол арқылы тілін дамытып, сөздік қорын молайту. Ертегіні тыңдау арқылы пәнге қызығушылықтарын арттыру. Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

### Міндеттері:

- түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып халық ауыз әдебиеті туралы қысқаша мағлұмат беру;
- ертегілердің түрлері мен олардың тәрбиелік мәніне шолу.
- балалардың тілін дамытуда ертегілердің рөлін сипаттау;
  - мектепалды даярлық топ балаларының тілін дамытуда ертегілерді пайдаланудың әдістемесін ұсыну.

**Вариативтік компоненттердің жүзеге асыру сатылары:**

Балаларды түгелдей қамту.

Жеке дара қасиеттерін ескере білу.

Ертегі кейіпкерлеріне қызықтыра білу.

**Вариативтік компоненттердің құрылу ерекшеліктері:**

- Бала білімін тексерудің өз-өзін бақылауға, жұптық бақылауға, қорытынды бақылауға негізделуі;
- Бағдарлама мазмұнына тіл дамыту жаттығулары мен бала тілін дамытуға байланысты дидактикалық ойындардың енгізілуі.

**Күтілетін нәтиже:**

Халық ауыз ертегілері мен өзге де халық ертегілерінен бірнеше ертегілерді білуі қажет, ертегілерді мазмұндай білу, сахналай білу керек. Ертегі балалардың тіл байлығы, ой-өрісін дамытып, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін қалыптастырады. Ертегі балаларды қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын жеткізуге және қайратты істер жасауға жұмылдырады

Ересектер тобына арналған

«Ертегілер елінде» вариативтік компонентінің  
жоспары

**Барлық сағат саны:** 36 сағат, аптасына 1 сағат

меңгерушісі:-----Д.С. Омарова



| №  | Тақырыбы                       | Мақсаты                                                                                                                                         | Сағаты | Мерзімі        |
|----|--------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|----------------|
| 1  | Қайдан келдің бауырсақ?        | Балаларды нанды қадірлей, қастерлей білуге тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                                               | 1      | 06.09.2023 ж   |
| 2  | Бір үзім нан                   | Балаларға «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген мақалдың мағынасын ашып түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.                      | 1      | 13.09          |
| 3  | Бір уыс мақта әңгімесі         | Балаларды әңгіме мазмұнын түсініп, мәнерлеп айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                            | 1      | 20.09          |
| 4  | Бір қазан сүт                  | Өлеңді тыңдай білу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                                    | 1      | 27.09          |
| 5  | Мақта қыз бен мысық ертегісі   | Ертегіні түсіндіре отырып, балаларды достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту.         | 1      | 04.10          |
| 6  | Әке мен бала әңгімесі          | Балаларға «Азға қанағат етпесең, көптен құр қаласың» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Үлкенді тыңдауға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту. | 1      | 11.10          |
| 7  | Қарлығаштың құйрығы неге айыр? | Ертегіні түсіне білуге, достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.                                                                    | 1      | 18.10          |
| 8  | Ұр тоқпақ ертегісі             | Балаларға үлкенді тыңдауды, сыйлауды үйрету. Рұқсатсыз кісінің затына тиісуге болмайтындығына бойларына сіңіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.     | 1      | 25.10          |
| 9  | Ұр тоқпақ ертегісі             | Балаларға үлкенді тыңдауды, сыйлауды үйрету. Рұқсатсыз кісінің затына тиісуге болмайтындығына бойларына сіңіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.     | 1      | 01.10          |
| 10 | Қызыл телпек ертегісі          | Тыңдаған ертегіні естеріне сақтап, мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету. Тіл байлықтарын дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                         | 1      | 08.11          |
| 11 | Күншіл үйрек                   | Балаларға «біреуге ор қазсаң, өзін түсесің» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.                                      | 1      | 15.11          |
| 12 | Кірқоймас өлеңі                | Балаларды тазалыққа, еңбекке жақын болуға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.                                                                 | 1      | 22.11<br>29.11 |
| 13 | Дос іздеген бота ертегісі      | Ертегі арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу. Тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.                                                  | 1      | 06.12          |
| 14 | Қаңтар мен ақпан ертегісі      | Ертегі арқылы балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                            | 1      | 13.12          |
| 15 | Саңырауқұлақ саясында ертегісі | Балаларды достыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                            | 1      | 20.12          |
| 16 | Ең қымбат байлық               | Балаларға «Денсаулық – зор байлық» деген мақалдың мағынасын түсіндіру.                                                                          | 1      | 27.12          |
| 17 | Еңбекпен                       | Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, нанды                                                                                                     | 1      | 03.01.         |

|    |                                          |                                                                                                                                              |   |                |
|----|------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|----------------|
|    | тапқан нан                               | кастерлеуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерінің жұмысын дамыту.                                                                    |   | 2024 ж         |
| 18 | Еңбек пен безгек                         | Балаларды жалқаулықтан жиреніп, еңбекті сүйеге тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту.                                  | 1 | 10.01          |
| 19 | Мақтаншақ қоян                           | Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                         | 1 | 17.01          |
| 20 | Байлық пен ақыл                          | Балаларға ертегі оқу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ақылды болуға тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.                             | 1 | 24.01          |
| 21 | Қасқыр, түлкі, әтеш                      | Ертегі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                           | 1 | 31.01          |
| 22 | Қырыққабат пен алма                      | Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Көз бұлшық еттерінің жұмысын дамыту.                             | 1 | 07.02          |
| 23 | Орман дәрігері                           | Балалардың құстар туралы білімдерін жетілдіру. Елдің табиғатын сүйеге үйрету. Көз бұлшық еттерін дамыту.                                     | 1 | 14.02          |
| 24 | Ұсқынсыз балапан                         | Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегіні түсіне білуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                         | 1 | 21.02          |
| 25 | Күшік пен мысық                          | Ертегіні түсінуге, мазмұнын айта білуге үйрету. Рөлге бөліп ойнауға, тіл байлықтарын дамыту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                     | 1 | 28.02          |
| 26 | Балабақша ағаштары                       | Балаларды табиғатты сүйеге, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                               | 1 | 06.03          |
| 27 | Жақсылық пен жамандық                    | Балаларды жамандықтан жиренуге, жақсылықтан үйренуге тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.                                                   | 1 | 13.03          |
| 28 | Кім неден күшті?                         | Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Диалогты сөйлеуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                              | 1 | 20.03          |
| 29 | Торғай мен түлкі                         | Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегіні түсіне білуге үйрету. Көру мүмкіндіктерін дамыту.                                         | 1 | 26.03          |
| 30 | Қайырымды қоян ертегісі                  | Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі етіп, достыққа адал болу қажеттілігін түсіндіру. Тіл байлықтарын молайту. Көру мүмкіндіктерін дамыту. | 1 | 27.03          |
| 31 | Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісі | Балаларды жануарларды сүйеге тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.                          | 1 | 03.04          |
| 32 | Төрт ертегісі дос                        | Балаларды уақытты бағдарлай білуге үйрету. Достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.                                                    | 1 | 10.04          |
| 33 | «Сәруар» ертегісі                        | Сөздік қорларын молайту, Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ертегі арқылы батылдыққа тәрбиелеу.                                      | 1 | 17.04          |
| 34 | «Сәруар» ертегісі                        | Сөздік қорларын молайту, Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ертегі арқылы батылдыққа тәрбиелеу.                                      | 1 | 24.04          |
| 35 | «Қаңбақ пен бидай» ертегісі              | Қаңбақ пен бидай ертегісімен танысады. Ойын тапсырмаларды орындайды. Қаңбақ пен бидай ертегісін көлеңке театры арқылы сахналайды.            | 1 | 08.05<br>15.05 |
| 36 | «Алтын жұмыртқа» ертегісімен танысу      | Алтын жұмыртқа ертегісінің желісімен фланелеграфта көрсетуге баулу.<br>Ойын тапсырмаларды орындайды.                                         | 1 | 22.05<br>29.05 |

Вариативтік компонент: Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңі.

**Мақсаты:**Өлеңді оқып беру түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Бауырсақтың дастарханға қандай жолмен келетінін түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.

**Қажетті материалдар:**бауырсақ, қуыршақ егіннің суреттері

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                           |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Жұмбақ жасыру<br><br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар.                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалардың жауабы (Бидай).                                                                                                      |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Сұрақ-жауап:<br>Бидайдан не жасалады?<br><br>Ө.Тұрманжановтың<br>«Қайдан келдің, бауырсақ?»<br>өлеңін балаларға оқу.<br><br>Өлеңде не туралы<br>айтылады?<br>Бауырсақ қайда жатты?<br>Бауырсақ наубайханаға<br>қайдан келді?<br>Диірменге ше?<br>Диқан бидайды қалай<br>өсірді?<br><br>Балаларды рөлге бөліп<br>ойнату. | Ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес<br>қимыл-қозғалыс жасау.<br><br>Балалар ертегіні рөлге бөліп<br>ойнайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Оқу іс-әрекеті соңында сұрақтар<br>қоя арқылы балалардың ойларын<br>қорыту.<br>- Балалар, бауырсақ дастарханға<br>қайдан келеді екен?<br>- Бауырсақ дастарханға келу үшін<br>кімдер еңбек етеді екен?<br><br>Балаларды мадақтау.                                                                                        | Балалар сұрақтарға жауап<br>береді.                                                                                             |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Бір үзім нан».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері              | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық         | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік       | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір үзім нан».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Бай мен кедейдің бір-бірімен қарым-қатынасы қандай болған?<br>Бай мен кедей адамның тұрмыс жағдайы қандай?<br>Кедей адам өмір тіршілігін қалай көрген?<br>Көктемде не болған?<br>Су тасқыны неше күнге созылады?<br>Бай кедейден не сұрайды?<br>Бай кедейге бір үзім нанға не беремін дейді?<br>«Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген мақалды қалай түсінесіңдер?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Бала, бала, баламыз». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

|              |                                   |  |
|--------------|-----------------------------------|--|
| қорытындылау | Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? |  |
|--------------|-----------------------------------|--|

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Бір уыс мақта».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.<br><br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жер!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                 |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір уыс мақта».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Қыз нені жамап отырды?<br>Анасы қызына не деді?<br>Қыз терезеден нені лақтырып жіберді?<br>Мақтаны не алып кетті?<br>Анасы қызына не деді?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету)<br>Ертегінің көрініс сахналау. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                               |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Бір қазан сүт».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Қажетті материалдар:қыз, апасы, торғай.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.<br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жер!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір қазан сүт».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Нені пісіріп үйдің іргесіне қойды?<br>Төгіліп қалды ма?<br>Біреу ішіп кетті ме?<br>Бір қазан сүт қайда кетті?<br>Нелер келіп ішіп кетті?<br>Қазан түбін қырнап кеткен қайсысы?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).<br>Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.<br>Ертегінің көрініс сахналау. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстыңдар.<br>Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі жанрымен таныстыруды жалғастыру, ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ұй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Қажетті материалдар: саусақ театры

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | «Кейіпкерін тап» ойынын ойнату.<br>Балаларға бұрыннан білетін ертегілер кейіпкерлерінің суреттерін көрсету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар суретке қарап қай керттегінің кейіпкері екенін табады.                                                                                                                      |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Әңгімелеу<br>Балаларға ертегілер, көбінесе, өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар екенін айту.<br>«Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқу, талдау.<br>Сергіту жаттығуы «Біз бақшаға барамыз». Көзге арналған жаттығу: «жоғары, төмен.<br><br>Ертегіде кездескен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді балалардан сұрау:<br>Мысық неге айранды төгіп тастады?<br>Мақта қыз не істеді?<br>Мысық кімдерден көмек сұрады?<br>Ертегіні сахналау.<br>Рөлдерді бөлісуде балаларға бағыт беру және көмектесу. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды.<br><br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br><br>Балалар өзара кейіпкерлерді бөлісіп сахналайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Ертегі ұнады ма?<br><br>Балаларды мадақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар өз ойларын айтады.                                                                                                                                                          |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Еңбекпен тапқан нан».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.<br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жер!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз.<br>«Еңбекпен тапқан нан».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Байдың қол астында кім жұмыс істеген?<br>Бай баланы қайда жұмсады?<br>Көкбазардан нені сатып алып келуге?<br>Жетім келе жатқанда кімді көрді?<br>Күрішті кімге берді?<br>Бай жетім балаға не істеді?<br>Қайыршы мен бала не істеді?<br>Қайыршы не деді?<br>Бала одан кейін қалай өмір сүріпті?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).<br>Ертегінің көрініс сахналау. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Ертегі сендерге ұнады ма?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, қарлығаштың адамға дос құс екенін түсіндіру. Сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Ертегі арқылы балаларды бір-біріне көмектесуге, достыққа тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Жұмбақ<br><br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинап әкеп талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салатын жабыққа.<br>Екі айыр құйрығы,<br>Ұшқыш құстың жүйрігі.<br>Бұл қандай құс?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Балалар жұмбақтың шешуін айтады (қарлығаш.)                                                                                                                                                  |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқу.<br><br>Сергіту жаттығуы:<br>Қане, қанат қағайық,<br>Ұшы-ұшып алайық.<br>Орнымызға қонайық.<br>Қарлығаш болып ұшайық,<br>Торғай болып қонайық.<br>Сауысқан болып секіріп,<br>Тоқылдақ болып шоқиық.<br><br>Көзге арналған жаттығу «оңға, солға».<br>Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою:<br>Жылан қандай арыз айтты?<br>Шіркей мен маса не іздеуге шығады?<br>Маса қарлығашқа неге жауап бермеді?<br>Қарлығаш ұясын қайда салды?<br>Қарлығаштың құйрығы неге айыр?<br>Ертегіні сахналату. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.<br><br>Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар ертегіні өз түсінгендерінше сахналайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Қиындықта достарыңа көмектес.<br>Қарлығаш – адамға дос құс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалар құстарды қорғауға уәде береді.                                                                                                                                                       |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Ұр, тоқпақ» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі жанрымен таныстыруды жалғастыру, ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ұй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Қажетті материалдар: саусақ театры.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | «Кейіпкерін тап» ойынын ойнату.<br>Балаларға бұрыннан білетін ертегілер кейіпкерлерінің суреттерін көрсету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Балалар суретке қарап қай керттегінің кейіпкері екенін табады.                                                                                                                      |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Әңгімелеу<br><br>Балаларға ертегілер, көбінесе, өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар екенін айту.<br><br>«Ұр, тоқпақ» ертегісін оқу, талдау.<br>Сергіту жаттығуы «Біз бақшаға барамыз». Көзге арналған жаттығу: «жоғары, төмен.<br><br>Ертегіде кездескен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді балалардан сұрау.<br>Ертегіні сахналау.<br>Рөлдерді бөлісуде балаларға бағыт беру және көмектесу. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды.<br><br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br><br>Балалар өзара кейіпкерлерді бөлісіп сахналайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Ертегі ұнады ма?<br><br>Балаларды мадақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Балалар өз ойларын айтады.                                                                                                                                                          |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Қызыл телпек».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Шаттық шеңбері:<br>Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.                                                                                                    |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Қызыл телпек».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Балаларға ертегінің мазмұны туралы сұрақтар қойылады:<br>Ертегі не жайлы?<br>Анасы қызына туған күніне не сыйлайды?<br>Көршілері қызды не деп атап кетті?<br>Анасы қызыл телпекке әжесіне не апарып кел деді?<br>Қызыл телпекке орманда алдынан не кездеседі?<br>Қасқыр қыздан не сұрады?<br>Бірінші болып әжесіне кім жетті?<br>Қасқыр әжесіне не істеді?<br>Әжесінің орнына кім жатты?<br>Бірінші болып әжесіне кім жетті?<br>Қызыл телпек әжесіне қандай сұрақтар қойды?<br>Қасқыр қалай жауап берді?<br>Осы кезде үйдің жанынан кімдер өтіп бара жатты?<br>Қызыл телпек пен әжесін кімдер құтқарды?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент: Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Күншіл үйрек».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру<br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жер!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Күншіл үйрек».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Сүңгуір үйрек нелерді көре алмапты?<br>Үйрек бір күні не көріпті?<br>Оған не депті?<br>Түлкі не депті?<br>Түлкі аққуларды ұстай ала ма?<br>Қарны аш түлкі сүңгуір үйректі не істейді?<br>«Біреуге ор қазсаң, өзін түсесің» деген мақалды қалай түсінесіңдер?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).<br>Ертегінің көрініс сахналау. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Кірқоймас» өлеңі.

**Мақсаты:**балаларды жалқаулықтан жирентіп, еңбекке жақын болуға, тазалыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Жұмбақ өлең «Бұл не?»<br><br>1. Ертемен күнде сен,<br>қолыңа сүйкесең,<br>Кетіп кір ласың,<br>тап-таза боласың. Бұл не?<br><br>2. Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Балалардың жауабы<br><br>Сабын<br><br>Сүлгі                                                                                                                                                                                                                  |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Тазалық тақырыбына әңгімелесу:<br>Тазалық дегеніміз не?<br>Не таза болу керек?<br>Дені сау адам қандай болады?<br>К.Чуковскийдің «Кірқоймас» өлеңін оқу, талдау. Өлең мазмұнына сәйкес сұрақтар қою.<br>Баланың киім-кешектері неге қашты?<br>Бала үйге келіп не істеді?<br>Бала жуынғаннан кейін не өзгерді?<br>Балаға қандай заттар дос болуды ұсынды?<br>Бала тазалықтың арқасында нені түсінді?<br>Сергіту сәті: «Шашымды да тарадым». Көзге арналған жаттығу «оңға, солға». Адамның іс-әрекетіне байланысты тиымдар мен ырымдарды айту, түсіндіру. Жуған қолды сілкісе, ырыс-несібе кетеді. | Ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Қол, киім, ой<br>Көңілді, мықты<br><br>Балалар өлең жолдарын мұқият тыңдайды.<br>Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды.<br><br>Тиым сөздерді естерінде сақтайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Оқу іс-әрекеті соңында «Тазалық құралдары» тақырыбына сурет салу ұсынылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Балалар сабын, айна, тарақ, тағы басқа тазалық құралдарының суреттерін салады.                                                                                                                                                                               |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Дос іздеген бота» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Шаттық шеңбері «Менің досым...»<br><br>Мадина, Фируза, Қарақат.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Балалар өз достарының аттарын айтады.                                                                                                                                                |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Әңгімелеу<br>Дос деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br><br>Доссыз адам бола ма?<br><br>Дос не үшін керек?<br><br>«Дос іздеген бота» ертегісін ұнтаспадан тыңдау.<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрамыз». Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға».<br>Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы ертегіні кім қалай түсінгенін білу.<br><br>Кімге қандай кейіпкер ұнады? Неліктен?<br><br>Бота дос деген сөздің мағынасын дұрыс түсінді ме?<br><br>Ботамен қандай жануар дос болғысы келді?<br>Бота өзіне дос тапты ма?<br><br>Ертегіні сахналау. | Балалардың жауабы<br><br><br><br><br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды.<br><br><br>Балалар ертегіні өздері түсінгені бойынша сахналайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Өзіңе ұнаған кейіпкердің суретін салу үй тапсырмасына беріледі.<br>Ертегіні сахналауда жақсы ойнаған балаларды атау, мадақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалар ертегіде ұнаған кейіпкерлерді атайды                                                                                                                                         |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Қаңтар мен Ақпан».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Тәрбиеші өлең оқиды:<br>Аязды келіп қыс,<br>Зырлайды шаңамыз.<br>Аппақ боп үстіміз,<br>Ақ қырау жабысты.<br>Жұмбақ жасыру:<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалардың жауабы (Қар).                                                                                                                 |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Қаңтар мен Ақпан».<br>Тәрбиеші мазмұнын айтып береді.<br>Ертегіні қалай түсінгендерін тексеру мақсатында сұрақтар қойылып, мазмұны айтқызылады:<br>Ертегі не жайлы?<br>Қыста қандай ойындар ойнаймыз?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыстың басқа мезгілдерден айырмашылығы неде?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Аппақ қар».<br>Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.<br>Ертегінің көрініс сахналау.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Балалар сергіту сәтін, көз жаттығуын жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                                      |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Қырыққабат пен алма».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Балаларды жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету, оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз.<br>«Қырыққабат пен алма».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Ертеде қырыққабат пен алма қай жерде өсті?<br>Суық қыста қырыққабат неге тоңбады?<br>Суықта алма неге тоңа бастады?<br>Алма қырыққабаттан не өтінді?<br>Алма неге жылы жаққа көшіп кетті?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Ағаштар». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды.<br>Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.<br>Ертегінің көрінісін сахналау.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстындар. Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Ең қымбат байлық».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.<br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жер!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Ең қымбат байлық».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Бала Құдайдан не сұрады?<br>Оны кім естіп қойды?<br>Ақсақалдың сөзін не деп ойлады жігіт?<br>Ақсақал нен сатшы деді жігітке?<br>Жігіт неге ашуланды?<br>Сонда ақсақал ең қымбат байлық не деді?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).<br>Тәрбиеші киналып отырған балаларға көмектеседі.<br>Ертегінің көрініс сахналау. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.<br><br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жер!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                              |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз әңгімемен танысамыз. «Бақша ағаштары»...!...<br>Тәрбиеші әңгімені оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Әңгіме не жайлы?<br>Әкесі мен баласы қайда барды?<br>Онда не көрді?<br>Баласы әкесінен не сұрады?<br>Неліктен бір ағаш тік болып өскен, ал екіншісі қисық біткен?<br>Ең соңы қалай аяқталады?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар әңгімені сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Әңгіменің көрінісін сахналау. | Балалар әңгімені мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай әңгімемен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                            |

Вариативтік компонент: Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Жақсылық пен Жамандық».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту

**Қажетті материалдар:** Жақсылық, Жамандық, арыстан, түлкі, қасқыр, ат

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Шаттық шеңбер:<br>Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады.<br><br>Айдана, сен сүйкімдісің!<br>Асанәлі, сен мықтысың!<br>Айшат, сен көріктісің!...                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.                                                                                                    |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз.<br>«Жақсылық пен Жамандық».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Балаларға ертегі туралы сұрақтар қойылады:<br>Ертегі не жайлы?<br>Жақсылық пен Жамандық неге келісті?<br>Жамандық не істеді?<br>Жақсылық жолда нелерге кез болады?<br>Олардан не естиді?<br>Жамандық нелерге кез болады?<br>Ол не естиді?<br>Жақсылық пен Жамандықтың өмірлері қалай өзгерді?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Кім неден күшті?».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

**Қажетті материалдар:**қырғауыл, мұз, жаңбыр, жер, көк шөп, көк тоқты, қасқыр, көк мылтық, тышқан, құмырсқа.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Шаттық шеңбер:<br>Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады.<br><br>Айдана, сен сүйкімдісің!<br>Асанәлі, сен мықтысың!<br>Айшат, сен көріктісің!...                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.                                                                                                    |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Кім күшті?».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Балаларға ертегінің мазмұны туралы сұрақтар қойылады:<br>Ертегі не жайлы?<br>Қырғауыл нені білгісі келеді?<br>Бірінші кімнен сұрайды?<br>Одан кейін кімнен сұрайды?<br>Жаңбыр не деп жауап береді?<br>Қасқыр не деп жауап береді?<br>Тышқан неден күшті болды?<br>Құмырсқа не деп жауап берді?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Жаңбыр жауды».<br>Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды.<br>Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстыңдар.<br>Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент: Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Торғай мен түлкі».

**Мақсаты:** балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Қажетті материалдар: түлкі, торғай, ит.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Торғай мен түлкі».<br>Тәрбиеші ертегіні оқып береді.<br>Сұрақтар бойынша жұмыс:<br>Ертегі не жайлы?<br>Торғай мен түлкі қандай дос болыпты?<br>Түлкі торғайға бірлесіп не істейік дейді?<br>Екеуі бірлесіп не істейді?<br>Қайсысы егінді орады?<br>Түлкі не істейді?<br>Астықты қайсысы басады?<br>Торғай бидайды бөлісейік дегенде түлкі не істейді?<br>Түлкі өзіне неше шелек бидай алады? Торғайға неше шелек береді?<br>Торғайға кім көмектеседі?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті «Торғайлар».<br>Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент .Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Қайырымды қоян» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып бере отырып батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

**Қажетті материалдар:**саусақ театры, қасқыр, аю, қоян, түлкі.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Шаттық шеңбері:<br><br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Өлең жолдарын бірге айтады.                                                                                                                  |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | «Қайырымды қоян» ертегісін оқу.<br>Сұрақтар<br>Әке-шешесі баласына кімдерді қонаққа шақыр деді?<br>Бала қонаққа кімдерді шақырды?<br>Әкесі баласына неге ұрысты?<br>Қоян қандай қайырымдылық жасады?<br>Біз де қоян сияқты қайырымды бола аламыз ба?<br>Сергіту жаттығуы:<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Мақал жаттау:«Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды». | Балалар ертегі тыңдайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.<br><br>Балалар мақалды жаттайды. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Балалар, сендер де қоян сияқты қайырымды бола біліңдер.<br>Балаларды мадақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Балалар қайырымды қоян суретін салады.                                                                                                       |

**Тақырыбы:** «Жыл басына таласқан хайуанаттар».

**Қажетті материалдар:** түйе, сиыр, қой, ит, әтеш, тышқан.

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                  |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                            |
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Шаттық шеңбер:<br>Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.                                                                                                    |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Жыл басына таласқан хайуанаттар». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Балаларға ертегі туралы сұрақтар қойылады:<br>Ертегі нелер жайлы?<br>Қандай хайуанаттар жыл басына таласқан?<br>Қандай жануарлардың адамға деген пайдасы көп екен?<br>Түйенің пайдасы неде екен?<br>Сиыр адамға қандай пайда тигізеді екен?<br>Иттің пайдасы неде?<br>Өтештің пайдасы неде?<br>Тышқан қандай ұсыныс жасады?<br>Кім бірінші болып жыл басын көріпті?<br>Кім жыл басы болыпты?<br>Кім бойына сеніп құр қалыпты?<br>Ең соңы қалай аяқталды?<br>Сергіту сәті. Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин).<br>Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді.<br>Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.<br><br>Көздеріне жаттығу жасайды.<br><br>Балалардың өз бетінше сахналауы. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық?<br>Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?<br>Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Балалар өз ойларымен бөліседі.                                                                                                                                   |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Төрт дос» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі мазмұнын түсінуге, тәулік өлшемдері: таң, күндіз, кеш, түн туралы түсініктерін кеңейту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                         |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Балаларға «күн және түн» ойынын ойнатады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар шеңбер бойына тұрып, күн және түн ойынын ойнайды.                                                                                                                     |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | «Төрт дос» ертегісін оқу.<br><br>Сергіту жаттығуы:<br><br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Әрқашан да тілектес,<br>Досыңа көмектес.<br><br>Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын толықтыру.<br>Көзге арналған жаттығу «алыс, жақын».<br><br>- Төрт достың аттарын ата?<br>Олар жер тұрғындарымен қалай әзілдесті? | Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br><br><br><br><br><br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.<br><br><br><br><br><br>Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалар ертегіні естерінде сақтайды.                                                                                                                                          |

Вариативтік компонент :Ертегілер елінде.

**Тақырыбы:** «Сәруар» ертегісі.

**Мақсаты:**Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып бере отырып батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

**Қажетті материалдар:**саусақ театры, қасқыр, аю, қоян, түлкі.

| Іс-әрекет бөлімдері                           | Тәрбиешінің іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                          |
|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық                      | Дидактикалық ойын: Менің досым<br>Мақсаты: адам бойындағы жақсы қасиеттерді айта білуге баулу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балаларшеңбер бойына тұрып, бір-біріне гүл ұсынып, достарының жақсы қасиеттерін айтады.                                        |
| Ұйымдастырушы, ізденушілік                    | Сұрақ-жауап<br>Айға ұшқыларың келе ме?<br>Айға ұшуымыз үшін қандай болуымыз керек?<br>Айға немен ұшады?<br><br>С.Оспановтың «Сәруар» ертегісін оқу.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Әрқашан да тілектес,<br>Досыңа көмектес.<br><br>Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын толықтыру. Көзге арналған жаттығу «алыс, жақын».<br>Сәруар қайда ұшпақ болды?<br>Не үшін аюға барды?<br>Қасқыр келісті ме?<br>Түлкі ше?<br>Қоян неге қорықты?<br>Айға ұшуға күшік пен мысық неге келісті?<br>Сәруардың нағыз достарын ата. | Балалар өз ойларын айтады.<br><br>Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау.<br><br>Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. |
| Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау | Айға ұшу сендерге ұнар ма еді?<br>Айға ұшу үшін қандай болу керек?<br>Айға ұшқанда қасыңа кімді алар едің?<br>Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалардың жауабы тыңдалады.                                                                                                   |

